



Тақырыбы: Экономикалық цикл, мәні, себебі, фазалары.

Қабылдаған: Жұматай Ж.Ж
Орындаған: 009-1
Факультет: жалпы медицина

Алматы-2016

ЖОСПАРЫ:

I. Кіріспе

а Экономикалық цикл туралы түсінік

II. Негізгі бөлім

а Экономикалық циклдің ауытқуы

б Экономикалық циклдің себептері

в Экономикалық циклдің фазалары

III. Қорытынды



ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЦИКЛ


Қоғам біркелгк түрде экономикалық өсуге, жұмыссыздықты толық жоюға және баға деңгейінің тұрақтылығына ұмтылады.

Экономикалық (іскерлік) цикл деп өндірістің, инфляцияның және жұмыспен қамтылу деңгейінің өзгеруін айтамыз. Циклдік өзгерістердің себептері төмендегідей: автономды инвестициялардың азаюы, мультипликатор әсерінің әлсіреуі, ақша жиыны көлемінің өзгеруі, негізгі қорлардың жаңаруы, т.б.

Макроэкономика ғылымында экономиканың циклдігі туралы тұрақты теория жоқ деп айтуға болады, бірақ әр түрлі көзқарастар бар, дегенмен көптеген экономистер өндіріс көлемі мен жұмысбастылық деңгейі жиынтық шығындарды анықтайды деп есептейді



Жалпы айтқанда, **экономикалық (іскерлік) цикл** – бірнеше жылдар ішіндегі экономикалық активтілік деңгейлерінің бірінен кейін бірі келіп тұратын өсулер мен құлдырауларының өзгеруі. Кейбір экономикалық циклдер ұзақтылығымен және қарқындылығымен бір-бірінен ерекшелінеді. Бірақ олардың барлығы әрқалай аталатын бірдей фазалар арқылы өтеді:



Циклділік экономиканың теңдік жағдайынан ауытқуы.

Ауытқудың үш түрі болады:

1. Товарлар мен қызметтер ұсынысының сұраныстан ауытқуы қысқа және ұзаққа созылуы мүмкін;
2. Құрал жабдықтарға сұраныстың өзгеруіне байланысты ауытқу;
3. Бір технологиялық өндіру әдісінен екіншісіне көшумен байланысты ауытқу.



Қазіргі заманғы экономистер цикл себептерін үш түрлі түсіндіреді:

- біріншісі, циклді сыртқы факторлармен (экзогенді) байланыстырады;
- екіншісі ішкі факторлармен (эндогенді) байланыстырса;
- үшінші көзқарас цикл экзогенді және эндогенді факторлар синтезінен дейді.

Сыртқы (экзогенді) факторларға экономикалық жүйеден тыс факторлар, яғни халық санының өсуі немесе кемуі, технологияның толық өзгерісі, саяси өзгерістер т.б. жатады.


Ішкі (эндогенді) факторларға жүйе ішіндегі: тұтыну, инвестиция, үкімет қызметі т.б. кіреді.



Экономикалық цикл фазалары

1. Шың (өрлеу)
2. Құлдырау (тоқырау)
3. Құлдырау немесе тоқыраудың ең төменгі нүктесі (дағдарыс)
4. Көтерілу (жандану)

Циклдер бірдей фазалардан өтсе де, олар өздерінің ұзақтылығы және белсенділігімен ерекшелінеді. Сондықтан экономистер экономикалық циклдердің орнына экономикалық тербелістер дегенді қолдануды дұрыс көреді, өйткені циклдер тұрақты түрде өтеді



Фазаның бірінші (бастапқы) циклы- өндіріс құлдырауының дағдарысы. Дағдарыс құбылысының болуы сұраным төлем қабілеттілігімен салыстырғанда тауарды артық өндірумен түсіндіріледі.

Дағдарыс кезеңінде өткерілмеген өнім саны тез ұлғайып жұмысшылар босатылады, жұмыссыздық ұлғайып, несие- ақша кәсіпорындар құлдырап, жойыла бастайды. Экономикалық циклдың келесі фазасы депрессия («depressia» - латын сөзі, төмендеу, тереңдеу дегенді білдіреді.). Бұл фазада өндірістің құлдырауы тоқталады. Жайлап болса да запастағы тауарлар өткеріледі және еркін ақша капиталы пайда болады.

Келесі фаза – тірілу, бұған тән нәрсе өндірісті ұлғайту, демек пайда бар деген сөз. Ол кезегінде өндірістің дамуынын ынталандырады. Циклдың кезекті фазасы- өрлеумен алмасады.

Өрлеу өнім өндірудің қарқындылығымен сипатталады және ол дағдарыс алдындағы деңгейден жоғары, жұмыссыздық тартылады, қарыз капиталы ұсынымы ұлғаяды және банк пайызының (%) нормасы төмендейді.



Жалпы айтар болсақ экономикалық цикл термині бірнеше жылдар аралығында бір – біріне жалғасатын экономикалық белсенділік деңгейінің бір көтеріліп, бір төмендеуінің қайталануын көрсетеді. Кейбір экономикалық циклдар бір – бірінен ұзақтығымен және иентенсивтігімен айрықша болып көрінеді. Дегенмен, олардың барлығы да бірдей фазалардан өтіп отыратыны жоғарыда айтылып өтті. Көптеген жетекші экономистер еліміздің болашағын, қазақстан экономикасына кең көлемде шетел инвестицияларын тартумен байланыстырады, бұл Қазақстанда халық тұрмысының жоғары деңгейін сипаттайтын өркениетті қоғам құру бойынша ұзақ мерзімді мақсатты көздейді. Шетел капиталы біздің елге ғылыми техникалық прогрестің жетістіктерін және озат басқару тәжірибесін енгізе алады.



Назарларыңызға рахмет!

